

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне ауылдық жерде жұмыс істегені үшін, экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін, сыннып жетекшілігі үшін, дәптерлер, жазба жұмыстарын тексергені үшін, оқу кабинеттерінің менгерушілігі үшін, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы және басқа да төлемдер туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 желтоқсан N 1927. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.11. N 41 қаулысымен. ~P020041

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне ауылдық жерде жұмыс істегені үшін, экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін, сыннып жетекшілігі үшін, дәптерлер, жазба жұмыстарын тексергені үшін, оқу кабинеттерінің менгерушілігі үшін, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы және басқа да төлемдер мөлшері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің:

1) "Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне селолық жерлерде жұмыс істегені үшін, экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін, сыннып жетекшілігі үшін, жазба жұмыстарын, дәптерлерін тексергені үшін, оқу кабинетінің менгерушілігі үшін, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы мен басқа да төлемдер туралы" 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1876 P991876\_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 534-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1876 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2000 жылғы 18 қантардағы N 90

P000090\_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 3, 33-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2001 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1927 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне ауылдық жерде жұмыс істегені үшін, экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін, сынып жетекшілігі үшін, дәптерлер, жазба жұмыстарын тексергені үшін, оқу кабинеттерінің менгерушілігі үшін, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы және басқа да төлемдер мөлшері

- 
- ! Қосымша ақылар, үстеме ақылар және басқа ! Айлықлауазымдық
  - ! төлемдер атаулары ! жалақыларға (тарифтік
  - ! ! ставкаларға) қосыла.
  - ! !тын қосымша ақылар
  - ! !мөлшері

---

#### Сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы

1. Мұғалімдерге, оқытушыларға және басқа да қызметкерлерге - сынып жетекшілігі (топ жетекшілігі) үшін:

1-4-сыныптарда	15%
5-11 (12)-сыныптарда	20%
кәсіптік мектептерде, орта кәсіптік оқу орындарында	15%

Дәптерлер және жазба жұмыстарын тексергені үшін
2. 1-4-сынып мұғалімдеріне - дәптер тексергені үшін 10%
3. Орыс тілінде білім беретін мектептерде (сыныптарда) қазақ және басқа ұлт тілдері және ұлттық тілде білім беретін мектептерде (сыныптарда) орыс тілі мұғалімдеріне, бұл пәндерді 1-4-сыныптарда жүргізетіндерге - дәптерлер тексергені үшін 15%
4. 5-11 (12)-сыныптар мұғалімдеріне - оқытушыларға жазба жұмыстарын тексергені үшін:

қазақ, орыс тілдері, басқа да ұлттық тілдер  
мен әдебиеттері бойынша 15%

математика, химия, физика, биология шет  
тілдері, стенография, сзыу, конструкторлық,  
техникалық механика бойынша 10%-дан  
артық емес

Оқу кабинеттерінің (зертханалардың,  
шеберханалардың, оқу-кеңестік пункттердің)  
менгерушілігі үшін қосымша ақы

5. Мұғалімдерге, оқытушыларға, өндірістік оқыту  
шеберлеріне және оқытушылық қызметін жүргізетін  
басқа да қызметкерлерге - оқу кабинеттерінің  
(зертханалардың, шеберханалардың, оқу-кеңестік  
пункттердің) менгерушілігі үшін:

мектептерде және мектеп-интернаттарда,  
балалар үйлерінде 10%

орта және бастауыш кәсіптік оқу 15%-дан

орындарында артық емес  
құрамдастырылған шеберханалар болған  
ретте 20%

(қосымша ақы оқу жабдықтарының үлгі  
тізбесіне сәйкес аттестатталған және оқу  
жоспарында көзделген оқу кабинеттері  
(зертханалар, шеберханалар және оқу-кеңестік  
пункттер) үшін ғана жүргізіледі)

Қызметтерді қоса атқарғаны үшін қосымша  
акы (қызмет көрсету аймағы кеңейгені үшін)

6. Орта кәсіптік және бастауыш кәсіптік  
білім беру ұйымдарының оқытушылары мен  
басқа да қызметкерлеріне - кешкі, сырттай  
оқу бөлімдер, мамандық бойынша бөлім 20%-дан  
менгерушілігі үшін артық емес

7. Директор лауазымы көзделмеген мектепке  
(сыныпқа) басшылық жасағаны үшін - мұғалімдердің  
біреуіне, сондай-ақ жалпы білім беретін  
күндізгі мектептер жанындағы күндіз-сырттай  
оқыту нысанындағы сынныптарға жетекшілік  
үшін директорға:

бастауыш мектептерде оқушылар саны:

160-қа дейін	10%-дан
	артық емес
161-ден 240-қа дейін	15%-дан
	артық емес
жалпы білім беретін мектептер жанындағы	
жұмысшы жастар кешкі (аудиосымдық) жалпы	
орта білім беретін мектептері мен	
сыныптарында оқушылар саны:	
60-қа дейін	10%-дан
	артық емес
61-ден 80-ге дейін (қалалар мен жұмысшы	15%-дан
кенттерінде)	артық емес
жетіжылдық музика мектептерінде, өнер	
мектептерінде және көркемөнер мектептерінде	
оқушылар саны 50-ге дейін	10%
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	
лауазымы көзделмеген жетіжылдық музика	
мектептерінде, өнер мектептерінде және	
көркемөнер мектептерінде оқу жұмысына	10%-дан
жетекшілік етуші мұғалімге	артық емес
8. Кітапханашы лауазымы көзделмеген барлық	
үлгідегі және атаудағы мектептерде, мектеп-	
интернаттарда, кәсіптік мектептерде	
оқулықтар даналарының санына қарай	
мұғалімдерге, оқытушыларға және басқа да	
қызметкерлерге - оқулықтардың кітапханалық	20%-дан
қорымен істеген жұмыс үшін	артық емес
9. Білім беру мекемелерінің кітапханашыларына	
оқулықтардың кітапханалық қорымен жұмыс	
істегені үшін	10%
10. Барлық үлгідегі және атаудағы жалпы білім	
беретін мектептердің (лицейлердің,	
гимназиялардың), орта музика және өнер	
мектептерінің (директор лауазымы көзделмеген	
бастауыш мектептердегі мұғалімдерге) хор,	
хореография колледждерінің директорларына -	
оқу орны немесе мектеп жанындағы оқушылар	
(тәрбиеленушілер) саны тәмендегідей	
интернатқа меңгерушілігі үшін қосымша ақы	

белгіленеді:

20-ға дейін	5%-дан артық емес
21-ден 40-қа дейін	10%-дан артық емес
41-ден 75-ке дейін	15%-дан артық емес
76-дан 120-ға дейін	20%-дан артық емес
тәрбиеценушілер саны 120-дан асатын интернаты бар орта музыка және өнер мектептерінің директорларына	25%

11. Директорлардың әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасарларына (шаруашылық менгерушілеріне) немесе басқа да қызметкерлерге - жалпы білім беретін мектептер жанындағы интернаттарда, өнер орта кәсіптік оқу орындары жанындағы интернаттарда олардың штатында бұл лауазымдар болмаған ретте шаруашылық менгерушісі қызметін атқарғаны үшін 10%-дан артық емес

12. Валеология бойынша мұғалім (оқытушы)  
лауазымы көзdemеген білім беру үйимдарында, барлық үлгі мен атаудағы мектептерде, мектеп-интернаттарда, бастауыш кәсіптік білім беру мектептерінде балалардың салауатты өмір салты бағдарламасы бойынша сыныптан тыс жұмыс жүргізгені үшін педагог қызметкерлерге - қамтыған сыныптары санына қарай:

10-нан 19-ға дейін	20%
20-дан 29-ға дейін	35%
30 және одан артық	50%
жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернаттарда, мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған балалар үйлерінде және аралас үлгідегі балалар үйлерінде (тұтас алғанда мектеп-интернатқа, балалар үйіне)	50%

13. Компьютер техникасына қызмет көрсету

- жөніндегі маман лауазымы көзделмеген білім беру ұйымдарында компьютер техникасына қызмет көрсету міндеті жүктелген мұғалімдерге, оқытушыларға немесе басқа қызметкерлерге - жұмыс істейтін әрбір 1,5%-дан компьютер үшін артық емес
- 14.** Сабак жүргізуши оқытушыларға, өндірістік оқыту шеберлеріне және басқа қызметкерлерге - әдістемелік, циклдық және пәндей 15%-дан комиссияларға басшылық еткені үшін артық емес
- 15.** Еңбекке баулу мұғалімі (оқытушы) лауазымы көзделмеген білім беру ұйымдарында еңбекке баулу, қоғамдық пайдалы, өнімді еңбек жөнінде сабак ұйымдастырып, жүргізгені үшін педагог қызметкерлерге - қамтыған сыныптары санына қарай:
 

6-12 сыйнып	20%
13-29 сыйнып	35%
30 және одан артық	50%
- 16.** Мектепке дейінгі балалар ұйымдары тәрбиешілерінің көмекшілеріне - балалармен сабак, сауықтыру іс-шараларын откізу кезінде тәрбиелеу қызметін тікелей жүзеге асырғаны, балаларды еңбекке баулығаны, оларға санитарлық-гигиеналық дағдыларды үйреткені үшін 30%
- 17.** Бастауыш кәсіптік оқу орындарының "шебер-аспазшы", "шебер-кондитер" атақтары бар өндірістік оқыту шеберлеріне 25%
- 18.** Жатақханалары бар бастауыш кәсіптік оқу орындарының директорларына немесе директорлардың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына - жатақханада оқушылар түрған кезде:
 

200-ге дейін	10%
200-ден 400-ге дейін	15%
401 және одан жоғары	20%
- 19.** Ұзартылған күн тобы жұмысын басқару жүктелген директорларға немесе

- директорлардың орынбасарларына:  
екі және одан көп ұзартылған күн тобы  
бар мектептерде 5%
- ұзартылған күн бар мектептерде 10%
- Еңбектің айрықша жағдайлары үшін  
қосымша ақы
20. Әскери мектеп-интернаттардың педагог 15%  
қызметкерлеріне
21. Балалар үйлерінің, балалар үйлері -  
интернаттардың, интернат ұйымдарының,  
кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-  
бөлу орындарының және еңбекпен тәрбиелеу  
колонияларының, тәрбиенің айрықша  
жағдайын қажет ететін ауытқымалы мінез-  
құлышты балалар мен жасөспірімдерге  
арналған арнаулы кәсіптік мектептердің,  
арнаулы мектептердің және басқа да 15%-дан  
ұйымдардың аға тәрбиешілеріне артық емес
22. Құрамында кемінде екі арнайы тобы  
(сыныбы) бар жалпы ұлгідегі оқу-тәрбие  
ұйымдарының басшыларына қосымша ақы  
даму мүмкіндіктері шектеулі, ұзак уақыт  
емдеуді, тәрбиенің айрықша жағдайын қажет  
ететін оқушылармен (тәрбиеленушілермен,  
балалармен) олардың жұмысының 20%-дан  
ұзактығына қарай төленеді артық емес
23. Даму және оқу мүмкіндіктері шектеулі,  
сондай-ақ тәрбиенің айрықша жағдайын  
немесе ұзак уақыт емдеуді қажет ететін  
балалармен және жасөспірімдермен жұмыс 20%-дан  
үшін \* артық емес
24. Кәмелетке толмағандарға арналған  
қабылдау-бөлу орындарындағы және еңбекпен  
тәрбиелеу колонияларындағы, Қазақстан  
Республикасы Ішкі істер министрлігінің  
еңбекпен түзеу ұйымдарының, еңбекпен  
тәрбиелеу және емдеу-еңбекпен алдын алу  
және басқа да ұйымдарының жаңындағы  
ауытқымалы мінез-құлышты балалар мен

жасөспірімдерге арналған кәсіптік мектептердегі, мектептердегі, кешкі (ауысымдық) жалпы орта білім беретін мектептердегі және оқу-кеңестік пункттердегі жұмыс үшін*	20%-дан артық емес
25. Жабық үлгідегі арнайы оқу-тәрбие үйімдарындағы жұмыс үшін*	20%-дан артық емес
26. Жетім балалармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс үшін**	20%
27. Тұнгі уақыттағы жұмыс үшін	кешкі сағат 22-ден таңғы сағат 6-ға дейін әр сағат үшін сағаттық тарифтің 50%
28. Еңбек етуге қолайсыз жағдайлар үшін қолданыстағы еңбек заңына сәйкес Бейін бағыттағы жекелеген пәндерді терендете оқытқаны үшін қосымша ақы	12%-дан артық емес
29. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер мен мектеп-интернаттардың директорлары мен директорлардың орынбасарларына, сондай-ақ бейін бағыттағы пәндер бойынша оқытушыларға	30%
30. Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеттері, араб, қытай, парсы тілдері сабактары үшін: ауылдық жерде және қалалық үлгідегі кенттерде орналасқан ұлттық тілдерде білім беретін барлық үлгідегі және атаудағы жалпы білім мектептері мен мектеп-интернаттарының (сыныптардың, сынып-жиынтықтарының және оқу-кеңестік пункттерінің) мұғалімдеріне - 1-11 (12)-сыныптарда орыс тілі және 5-11 (12)-сыныптарда орыс әдебиеті бойынша сабактардың сағаттары үшін ауылдық жерде және қалалық үлгідегі кенттерде орналасқан ұлттық тілдерде білім	15%

беретін бастауыш және орта кәсіптік білім  
ұйымдарының (топтардың, бөлімдердің, оку-  
кеңестік пункттердің) оқытушыларына -  
орыс тілі мен әдебиеті бойынша сабактардың  
сағаттары үшін 15%  
жалпы орта білім беретін мектептердегі  
араб, қытай және парсы тілдері  
мұғалімдеріне 15%  
орыс тілінде білім беретін жалпы орта  
білім мектептерінің, мектеп-интернаттарының,  
бастауыш және орта кәсіптік білім ұйымдарының  
(сыныптардың, топтардың) ұлттық тілдер мен  
әдебиеттер бойынша сабак беретін мұғалімдері  
мен оқытушыларына 15%

31. Жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын  
оку орындарының (сыныптардың, топтардың),  
жаңашылық, эксперименттік тәртіpte жұмыс  
істеуші ұйымдардың (мектепке дейінгі және  
жалпы білім беру бағыттарындағы лицейлердің,  
гимназиялардың, колледждердің, жоғары кәсіптік  
колледждердің, техникалық лицейлердің,  
оку-тәрбиелік кешендердің), сондай-ақ  
балаларды тәрбиелеу шет тілінде жүргізілетін  
мектепке дейінгі балалар ұйымдарының  
бейін бағыттағы пәндер бойынша педагог  
қызметкерлеріне 10%

---

Ескертулер:

1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру мамандарына жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қала жағдайында қызметтің осы түрімен айналысадын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда кемінде 25 пайыз жоғары жалақылар мен ставкалар белгіленуі мүмкін.
2. Экологиялық зілзала және радиациялық қаупі бар аймақтарда тұрғаны үшін қосымша ақы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді.
3. Осы Қосымшаның 1-31-тармақтарында көзделген қосымша ақының

мөлшері басқа қосымша ақылар мен үстеме ақылар есептелмей, лауазымдық жалақыға (тарифтік ставкаға) төленеді.

4. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының жоғары білікті ғылыми кадрларды аттестаттау саласындағы үәкілетті органы берген тиісті дипломы болған жағдайда, ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелері үшін - ғылым кандидатына бір айлық ең тәменгі жалақы және ғылым докторына екі айлық ең тәменгі жалақы мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

Осы қосымша ақы білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, егер олардың басшы және педагогикалық лауазымдардағы қызметі бейіні бойынша ғылыми дәрежесіне сәйкес келген жағдайда жүргізіледі.

5. Педагогтік жұмыс жүргізуі білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, "Халық мұғалімі", "Еңбек сінірген мұғалім" деген құрметті атақтары немесе ғылыми дәрежесі болған ретте, қосымша ақы мен үстеме ақы негізгі жұмысы бойынша төленеді.

Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, "Халық мұғалімі", "Еңбек сінірген мұғалім" деген құрметті атақтары және сонымен бірге ғылыми дәрежесі болған ретте, қосымша ақы мен үстеме ақы негізгі жұмысы бойынша атағына да, ғылыми дәрежесіне де жеке төленеді.

6. Мектептер мен мектеп-интернаттардағы (даму және оқу мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнаулы түзеу ұйымдарынан басқа) 15-тен кем оқушысы бар сыныптарда сынып жетекшілігі және жазба жұмыстарын тексергені үшін лауазымдық жалақыларына (ставкаларына) қосымша ақы төлеу тиісті қосымша ақылардың 50%-ы мөлшерінде жүргізіледі. Осы тәртіп сыныптарды кіші топтарға бөлу кезінде де қолданылады.

7. Оқушылардың құзғі, қысқы, көктемгі және жазғы каникулдары кезінде педагог қызметкерлерге еңбекке ақы төлеу каникул басталар алдындағы тарифтеу кезінде белгіленген еңбекақы есебімен жүргізіледі.

\* Лауазымдық жалақыларына қосымша ақы төленетін қызметкерлердің нақты тізбесі және бұл көтеру мөлшерін олардың көрсетілген санаттағы оқушылармен (тәрбиеленушілермен, балалармен) қарым-қатынасының ұзақтығы дәрежесіне қарай үйим басшысы айқындейды.

\*\* Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға

арналған балалар үйлеріндегі, балалар үйлері-интернаттарындағы, мектеп-интернаттардағы және тәні немесе ақыл-ойы дамуында кемістіктері бар, ұзақ уақыт емдеуді қажет ететін, психикалық дамуы тежеулі балалар

топтастырылған балалар үйлеріндегі (сыныптарындағы, топтарындағы) тарифтік ставкалар мен лауазымдық жалақылар екі негізде арттырылады (жетім балалармен, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс үшін және дамуы мен оқу мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс үшін).

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК